

## BR18574203

«Мемлекеттік қызметті дамыту үрдістерін ғылыми-әдіснамалық негіздеу және Жаңа Қазақстанды құру тұрғысынан мемлекеттік органдардың қызметін трансформациялау»

Мемлекеттік қызметтің бәсекеге қабілетсіздігін және халықтың билікке деген сенімінің төмен деңгейін ескере отырып, 2021 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамаға сәйкес, мемлекеттік басқарудың жаңа моделі «еститін», тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет қағидаттарына негізделуі тиіс [1]. Алайда, бүгінгі таңда Үкіметтің тұжырымдаманы іске асыру және Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін құру бойынша нақты көзқарасы мен стратегиясы жоқ. Осыған байланысты, бұл зерттеу мемлекеттік қызметті дамыту үдерістерінің ғылыми-әдіснамалық негіздемесін дайындауға, мемлекеттік басқару жүйесіне белгіленген қағидаттарды енгізу жөніндегі құралдарды әзірлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін трансформациялау жөніндегі модельді жасауға бағытталған. Басқаша айтқанда, бұл бағдарлама мемлекеттік қызметті мобильді, жедел әрекет ететін, тиімді, азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарланған, тұтас «корпорацияға» айналдыру мақсатында жаңа Қазақстанның мемлекеттік аппараты үшін инновациялық шешімдерді, тәсілдер мен технологияларды әзірлеуге бағытталатын болады.

**Бағдарламаның мақсаты** Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті дамыту үдерістерінің үлгісін әзірлеу және ғылыми-әдіснамалық негіздеу болып табылады.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

- Мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамаларын талдау: елдік және халықаралық тәжірибе;
- Мемлекеттік органдарға талдау жүргізудің әдіснамалық тәсілдерін зерделеу;
- Әдістемелерді зерделеу: мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік мәртебесін, нысандарын, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылау және тиімділікті бағалау институттарын айқындау;
- ҚР-дағы мемлекеттік қызметті реформалау үрдістері мен проблемаларын анықтау;
- Мемлекеттік саясатты іске асыру барысына қоғамның әлеуметтік бақылау институттары мен нысандарын айқындау;
- Жаңа Қазақстан құру процесінде мемлекеттік қызметті реформалаудың мақсаттарын, функцияларын, факторлары мен перспективаларын анықтау;
- Бастапқы және қайталама көздерді пайдалана отырып, мемлекеттік қызметті дамыту жөніндегі деректерді жинау және талдау;
- Мемлекеттік органдардың функцияларының санын, олардың аппараттарының санын және еңбекақы төлеу деңгейін анықтау және салыстыру үшін әдіснаманы әзірлеу;
- Қолданбалы әлеуметтанулық талдау құралдарын пайдалана отырып Қазақстанның мемлекеттік қызметін реформалау үдерістерін талдау;
- Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылаудың тиімділігін талдау;
- Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік мәртебесін талдау;
- Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін құру үрдістерін анықтау үшін нәтижелерді түсіндіру;
- Мемлекеттік қызметшілердің құзыреттерін арттыру бойынша семинарлар мен тренингтердің бағдарламаларын әзірлеу;
- Кәсіби қызметтің саласы мен түріне байланысты лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім мен дағдыларды бағалау стандарттарын әзірлеу;
- Зерттеу нәтижелерінің тиімділігіне эксперименттік тексеру жүргізу (нақты мемлекеттік органда мемлекеттік қызметті дамыту моделін сынақтан өткізу);
- Жаңа Қазақстанды құру үшін мүдделі тараптардың қажетті құзыреттерін арттыру бойынша семинар-тренингтер өткізу.

## **1. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері**

- мемлекеттік органдар функцияларының санын, олардың аппараттарының санын және еңбекақы төлеу деңгейін анықтау және салыстыру бойынша әдіснаманы әзірлеу және сынақтан өткізу;
- Қазақстанның мемлекеттік қызметін дамыту үдерістеріне сапалы талдау жүргізу (әлеуметтанулық сауалнама);
- Жаңа Қазақстанның мемлекеттік қызметін дамыту моделін әзірлеу және сынақтан өткізу;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың нәтижелілігін өлшеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- кәсіби қызметтің саласы мен түріне байланысты лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім мен дағдыларды бағалау стандартын әзірлеу;
- еститін, тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет қағидаттарына сәйкес келу мақсатында мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылаудың тиімділігі;
- Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік мәртебесін бағалау критерийлерін әзірлеу;
- мемлекет пен қоғамның проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына жауап беретін басқару нысанына қатынасының «бюрократиялық» моделінен ауысу мақсатында мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-үдерістерін өзгерту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- мемлекеттік органдар қызметінің транспаренттілігін қамтамасыз ету бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу

## **2. Түпкілікті нәтиже**

### **Бағдарламаны іске асыру мыналарға ықпал етуі керек:**

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығында айтылған мемлекеттік аппаратты бюрократияландыру жөніндегі міндеттерді шешу;
- «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаттарына жауап беретін мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыру;
- Мемлекеттік қызмет саласындағы зерттеулерді іске асыруға ғылыми үлес қосу.

## **3. Күтілетін ғылыми нәтиже**

- Жаңа Қазақстанның мемлекеттік қызметін дамыту үдерісін әдіснамалық және сараптамалық сүйемелдеу;
- мемлекеттік органдарға, соның ішінде ҚР Президенті Әкімшілігіне, мемлекеттік қызмет істері агенттігіне мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар шығару.

## **4. Әлеуметтік-экономикалық әсер**

- мемлекеттік қызметке «кіру», «өту» және мемлекеттік қызметтен «шығу» тетіктері жүйеленген;
- әкімшілік рәсімдерді оңайлату бойынша, соның ішінде оларды жасау үшін қажетті құжаттар санын қысқарту жолымен ұсынымдар әзірленді;
- мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылдың цифрлық құралдарына көшу үдерістері жандандырылды.

Жаңа Қазақстанның мемлекеттік қызметін дамытудың әзірленген тұжырымдамалық моделі, мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік мәртебесінің әзірленген критерийлері, «Мемлекеттік қызметке кіру», «өту» және «мемлекеттік қызметтен шығу» тетіктері, сондай-ақ семинар-тренингтер, зерттеу нәтижелерінің тиімділігін модельдеу және тексеру әдістері Жаңа Қазақстанның мемлекеттік қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі бизнес-процестерінің оңтайландырылған схемасын қамтитын мемлекеттік қызметті дамыту моделінің ғылыми-әдістемелік негіздемесі «мемлекеттік қызметке «кіру», «өту» және мемлекеттік қызметтен «шығу» циклінің алгоритмін әзірлеуді, мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік мәртебесінің бағалау параметрлері және әлеуметтік бақылаудың тиімділігін, мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың жаңа форматын қалыптастыру мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру негізін қалыптастырады.

#### **5. Зерттеу нәтижелерін іске асыру**

екі монография; екі оқу құралы; екі әдістемелік құрал; магистранттар мен докторанттарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту мәселелері жөніндегі бір оқулық; Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index Web of Science деректер базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентиілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 8 мақала; ҚР ҒЖБССҚК тізбесіне кіретін журналдарда 17 мақала; ҚР мемлекеттік органдары үшін ғылыми баяндамалар, ұсынымдар, әдістемелер.